

**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік медицина университеті**

Студенттің өзіндік жұмысы

Мамандығы: Стоматология

Дисциплина: Терапиялық стоматология

Группа: 305

Орындаған: Сауқатова Г.Ә.

Тексерген: Жумагалиева Н.О.

*Тақырыбы: Жегі қуысын егеу
принциптері мен ерекшеліктері:*

1. тоннельді егеу

2. атипиялық қуыстар

ЖОСПАРЫ:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- *Тіс жегі туралы сипаттама*
- *Емдеу тәсілдері*
- *Тісжегі қуысын егеп-тазалау*

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

V.Бағалау критерийі

Тісжегі – тістерді шыққаннан кейін
жарақаттайтын, қатты тіндердің
минералды заттарының еруі, органикалық
құрамының ыдырауы нәтижесінде тістің
бүтіндігінің бұзылып, ақаулардың немесе
қуыстардың пайда болуымен
сиппалатын патологиялық үрдіс.



Тістің қатты тіндерінде тісжесгі үрдісінің тереңдеуіне байланысты оның төрт сатысын ажыратады:

- Бастапқы тісжесгі немесе тісжесгі дағы*
- Жоғарғы тісжесгі немесе кіреуке тісжесгісі*
- Орта тісжесгі*
- Терең тісжесгі*

Тісжегісін емдеу шараларын екі топқа бөлуге болады: жалпылай және жергілікті емдеу.

Жалпылай емдеу организмнің қорғаныш қасиеті мен тістің қатты тіндерінің төзімділігің жоғарылатуға бағытталған. Осы мақсатта витаминдер жиынтығын, микро- және макроэлементтер қоспаларын тағайындау қажет. Жергілікті емдеу әдістері тіс тіндеріндегі өзгерістерге байланысты жүргізіледі. Тісжегінің дақты кезеңінде немесе кіреукенің ошақты минералсыздану сатысында дәрі-дәрмектер қолданып емдейді, ал қуыс құрылу сатысында бұзылған қатты тіндерді егеп-тазалап алып, ақауды пломбылық материалдармен бітеу немесе пломбылау әдісі қолданылады.

Тісжегі қуысын егеп-тазалау – тісжегіні жергілікті емдеу шараларының бiрден-бiр жауапты кезеңі болып табылады. Себебі, оның дұрыс орындалуы – тістің қатты тіндерінің әрі қарай бұзылмауының және қойылған пломбының ұзақ тұруының кепілі. Егеп-тазалау кезіндегі негізгі міндет – тістердің өзгеріске ұшырап бұзылған қатты тіндерін толық алып тастап, тазаланған қуыса пломбы ұзақ бекіп тұратныдай тиімді пішін бері. *Стоматологияның даму барысында Г.В.Блэк тісжегі қуысын егеп-тазалаудың қағидасын ұсынды.*

Блэктің негізгі қағидалары:

- Сынып кету қаупінің алдын алу үшін тірегі жоқ кіреукеңің салбырап тұрған шеттерін алу;*
- Тісжегілі дентинді толығымен, мұқият тазалау;*
- Алдын алу үшін кеңейту – тісжегінің рецидивін болдырмау мақсатымен тістің иммундық аймағына дейін қуысты профилактикалық кеңейту;*
- Қорап тәрізді пішінді қуысты жасау, ол шайнау кезінде түсетін жүктемеге тіс пен пломбаның төзімділігін қамтамасыз етеді.*

Осыған сәйкес тістердің қатты тіндерін егеп-тазалау төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – **тісжегі қуысын ашу**. Бұл кезеңді орындау мақсаты – тісегі қуысы аузындағы астындағы тірек дентин бұзылысқа ұшыраған жабынды кіреукені егеп немесе бұрғылап алып тастау. Астында қалыпты дентин қабаты сақталмаған кіреукені тісжегі қуысы жиегінде қалдырмау керек. Себебі, дентин арқылы жүретін зат алмасу үрдісінен айрылған кіреуке механикалық әсерлерге төзімсіз және тез сынғыш болғандықтан, қойылғанпломбаның жиегінде ақаулар пайда болып, тісжегі үрдісінің әры қарай дамуына мүмкіндің туындайды.

Тісжегі қуысын ашу көбінесе шарға немесе цилиндрге ұқсас беттері алмас үгінділерімен жабылған борлар көмегімен орындалады. Борлардың көлемі ауыз қуысының көлемінен кішірек және қуысқа еркін енулері керек.

Шарға ұқсас борды тісжегі қуысына енгізгеннен кейін оны іштен сыртқа қарай айналдыра отырып, жабынды кіреукені егеп алып тастайды. Цилиндрге ұқсас немесе фиссурлы жүлгелі борлармен жұмыс істегенде олардың бүйір беттерін кіреукеге жанастыра отырып айналдырады және жабынды кіреуке толық алынғанға дейін егеп-тазалауды жалғастырады.

Екінші кезең – ыдыраған және жұмсарған дентинді алып тастау. Алдымен тісжегі қуысындағы ас қалдықтары мен ыдыраған және жұмсарған дентинді аришығыштың көмегімен алады, ал жұмсарған бірақ қаттылау және пигменттелген дентинді шарға ұқсас бормен бұрғылап алады.

Үшінші кезең – **тісжегі қуысына белгілі бір оңтайлы пішін беру.** Осы кезеңді орындау кезінде қойылатын мақсат – тісжегі қуысын еген-тазалай отырып, оған шартты талаптарға сай келетін пішін беріп, пломбаның қуыс қабырғаларына жақсы бекіп, ұзақ тұруына ыңғайлы жағдай тудызу. Бұл кезеңді орындау ерекшеліктері тісжегі қуыстарының орналасу ерекшеліктеріне, көлеміне, патологиялық үрдістің даму жылдамдығына, тісжегі қуысына қойылатын пломбылық материалдардың физико-химиялық қасиетіне байланысты.

*Төртінші кезең – **тісжегі қуысының жиегін тегістеу немесе кіреуке жиегін өңдеу.** Тісжегі қуысын ашу кезінде металдан жасалған борларды қолданған кезде кіреуке призмаларының сынуы нәтижесінде кіреуке жиегі ойлы-қырлы болып қалады және әртүрлі тереңдікте саңылаулар пайда болады. Мұның өзі пломбылық материалдың тісжегі қуысының жиегін жабысуын нашарлатып, екіншілік тісжегінің дамуына жағдай туғызады. Пломбының тұрақтылығын арттыру және жиектік жанасуын жақсарту үшін кіреуке жиегін карборунд тастармен, өте ұсақ алмас үгінділерімен жабылған, қатты құймдан жасалған карбид-вольфрамды борлармен және финирлермен мұқият тегістейді.*

Егеп-тазаланған тісжегі қуысында төмендегі элементтер қалыптасады: жиегі, қабырғалары, бұрышатыр және табаны. Табаны деп қуыстың ұлпаға қараған қабырғасын айтады.



***Барлық тісжегі қуыстарын егеп-тазалаған кезде
ұстанатын ережелер:***

- Қуыстың табаны мен бүйір қабырғалары арасындағы бұрыш тік (90%) болуы қажет;*
- Көрші қабырғалар арасындағы бұрыш тік (90%) немесе доғал (120%), толығырақ айтқанда өте анықболу керек;*
- Қабырғалары мен жиегі және табаны тегісжәне жазық болу керек.*

I-класстық тістегі қуыстарының пішіндерін әртүрлі етіп қалыптастырады: төртбұрышты, кубқа, цилиндрге, трапецияға, үшбұрышқа ұқсас.

II-класстық тісте қуысын төртбұрышты етіп қалыптастырады. Қажет болса, тістің шайнау бетіне шығарып қосымша алаң жасайды.


III-класстық тісжегі қуыстарына үшбұрыш пішін береді. Қажет болса, тістің ауыз жақ бетіне шығарып, осы бетте қосымша алаң жасайды.

IV-класстық тісжегі қуысына үшбұрыш пішін беріп, қосымша алаңды тістеу қырында, ауыз жақ бетінде қалыптастырады. Тістің ерін-жақ беті бұзылса, қуысты ерін-жақ бетіне шығарып егеп-тазалайды.

III-IV-класстық қуыстардың ерін-жақ қабырғаларын мүмкіндігінше сақтап қалған тиімді.

V-класстық тісжегі қуысына сопақ немесе жарты ай пішінін беріп егеп-тазалайды.

Егеп тазаланған I-класстық тісжегі қуыстары



I-класстық тістегі қуыстарының пішіндерін әртүрлі етіп қалыптастырады: төртбұрыш, кубқа, цилиндрге, трапецияға, үшбұрышқа ұқсас.

а- тістің шайнау бетінде
б- бүйір күрек тістің тұйық тесігінде;
в- төменгі үлкен азу тістің ұрт жақ бетінде;
г- төменгі үлкен азу тістің шайнау және ұрт жақ бетіндегі қуыстар біріктіріле егеп тазаланған;



Егеп тазаланған II-класстық тісжегі қуыстары

II-класстық тісте қуысын төртбұрышты етіп қалыптастырады. Қажет болса, тістің шайнау бетіне шығарып қосымша алаң жасайды.


а- тісжегі қуысының орналасуы;

б- егеп-тазалау кезеңі;




в- егеп-тазаланған қуыстың пішіні



Препарирование полости II класса.
а — локализация кариозного очага; б — этап препарирования; в — форма сформированной полости.



Кіші азу тістің жанасу және шайнау беттері қатар жарақаттанған кезде тісжегі қуыстарын егеп-тазалау






а- тісжегі қуысының орналасуы;

б- тісжегі қуысын егеп-тазалау;

в- егеп тазаланған тісжегі қуысы

Этапы препарирования и вид полости II класса при сочетанном поражении жевательной и контактной поверхностей. а — локализация кариозного очага; б — препарирование полости; в — форма сформированной полости.

Егең тазаланған III –класстық тісжегі қуыстарының көрінісі



Виды полостей III класса.
а — при поражении контактной поверхности;
б — при поражении контактной и язычной поверхностей; в — при поражении контактной, язычной и губной поверхностей.

III-класстық тісжегі қуыстарына үшбұрыш пішін береді. Қажет болса, тістің ауыз жақ бетіне шығарып, осы бетте қосымша алаң жасайды.


а- жанасу беті

жарақаттанған кезде;

б- жанасу және тіл жақ беттері жарақаттанған;

в- жанасу, тіл жақ және ерін жақ беттері жарақаттанған кезде.

IV –класстық тісжегі қуысының орналасуы және егеп тазаланғаннан кейінгі қуыстардың көрінісі



Виды полостей IV класса.

а — локализация кариозного очага; б, в — формы сформированных полостей.




IV-класстық тісжегі қуысына үшбұрыш пішін беріп, қосымша алаңды тістеу қырында, ауыз жақ бетінде қалыптастырады. Тістің ерін-жақ беті бұзылса, қуысты ерін-жақ бетіне шығарып егеп-тазалайды.

а- тісжегі қуысының орналасуы;

б, в- егеп тазаланған тісжегі қуысы

V-класстық тісжегі қуысының орналасуы және егеп тазаланғаннан кейінгі көрінісі



Вид полости V класса.

а — локализация кариозного очага; б — форма сформированной полости.

V-класстық тісжегі қуысына сопақ немесе жарты ай пішінін беріп егеп-тазалайды.

а- тісжегі қуысының орналасуы;

б - егеп тазаланған тісжегі қуысы

Тоннельді егін-тазалау әдісі

Бұл әдіс кезінде тісжесгі қуысын шайнау беті арқылы тісжесгі қуысына жақын орналасқан үшбұрышты ойық аймағында шайнау бетінің жанасу бетіне ауысатын қырындағы біліктен 2-2,5 мм шегіне отырып, аса үлкен емес бордың көмегімен тісжесгі қуысына қарай тоннель жасап ашады да тісжесгі қуысын қағидаға сай егеп-тазалайды. Әдістің кемшілік жағы тісжесгі қуысын көзбен көріп, егеп-тазалау кезеңдерін толық бақылаудың қиындығы және осыған байланысты тіс ұлпасын ашып алу қаупінің жоғары болуы.

Атипиялық тісжегі қуыстарын егеп-тазалау ерекшеліктері.

Атипиялық тісжегі қуыстары тістердің тістеу қырында, шайнау төмнешіктеріне, патологиялық қажалу ошағында кіреуке эрозиясы аймағында, тістің сауытының сынықтары аймағында гипоплазия, флюороз ошақтарында пайда болған қуыстар. Бұл кезде егеп-тазалау шаралары барлық пигменттелген тіндерді алып тастауға бағытталған, ақаулардағы өзгерген кіреуке аймақтары түгелімен алынып, қуыстың табаны мен қабырғалары тегістелуі керек. Тістердің ерін-жақ беттеріндегі кіреуке және өзгеріске ұшыраған дентин толығымен алынып, жиек кіреукесі 45° бұрышпен қиылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ✓ *Д.М.Мезгілбаева , С.Ж.Абдикаримов , Н.Ғ. Сапаева «Терапиялық стоматология»
Ақнұр – 2014 ж.*
- ✓ *Э.А.Базикян , О.О.Янушевич
«Пропедевтикалық стоматология»
ГЭОТАР-Медиа – 2015 ж.*
- ✓ *Ғаламтор желісі*

Бағалау парағы:

№	Орындау критеріі	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
1	Презентацияны рәсімдеу			
2	Презентацияның 4 компоненті			
3	СӨЖ тақырыбына мақсаттың адекваттылығы			
4	Мазмұны			
5	Қорытынды / ұсыныстар			
6	Әдебиеттер			
7	Материалды игеруі және регламентті сақтау			
8	СӨЖ кестесіне сай тапсырылу дер кезінде тапсырылуы			